

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы  
холдингі» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің  
шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы  
холдингі» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің  
2016 жылғы 26 қазандағы  
шешіміне (№ 09/16 хаттама)  
№ 1 қосымша

**«БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА  
СЫРТҚЫ АУДИТТИ ҰЙЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ**

## МАЗМҰНЫ

<b>1-тарау. Жалпы ережелер</b>	<b>3</b>
<b>2-тарау. Терминдер және анықтамалар</b>	<b>3</b>
<b>3-тарау. Мақсаттар мен негізгі қағидалар</b>	<b>4</b>
<b>4-тарау. Сыртқы аудитті ұйымдастырудың негізгі талаптары мен тәртібі</b>	<b>5</b>
<b>5-тарау. Сыртқы аудитордың қаржылық есеп аудиті мен аудиттік емес қызметтер көрсету кезіндегі мүдделер дауы</b>	<b>6</b>
<b>6-тарау. Холдинг Директорлар кеңесінің аудиті комитетіне сыртқы аудитор туралы ақпарат ұсыну</b>	<b>7</b>
<b>7-тарау. Сыртқы аудит жүргізу кезінде жоба бойынша серіктестікті алмастыру</b>	<b>8</b>
<b>8-тарау. Холдингке сыртқы аудитор қызметкерін жұмысқа қабылдау</b>	<b>8</b>
<b>9-тарау. Қорытынды ережелер</b>	<b>8</b>

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамында сыртқы аудитті ұйымдастыру саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ішкі құжаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында танылған халықаралық қаржылық есептілік пен аудит стандарттарына сәйкес әзірленген.

2. Саясатта көзделген негізгі ережелер сыртқы аудитордың объективтілік немесе тәуелсіздік залалынсыз белгілі бір аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсету үшін аудиторларды тарту мүмкіндігін ұсынады.

## **2-тарау. Терминдер және анықтамалар**

3. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) аудитор – «аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігін алған аудиторларға кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссия аттестациядан өткізген жеке тұлға;

2) аудиторлық қызмет – қаржылық есептілікке және қаржылық есептілікпен байланысты басқа ақпаратқа аудит жүргізу, және қызмет бейіні бойынша қызмет ұсыну бойынша кәсіпкерлік қызмет;

3) аудиторлық есеп – өткізілген аудит нәтижесі болып табылатын жазбаша ресми құжат;

4) аудит – қаржылық есептілік туралы тәуелсіз пікірді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілікпен байланысты өзге ақпаратты білдіру мақсатындағы тексеріс;

5) аудиторлық ұйым (бұдан әрі – сыртқы аудитор) – аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым;

6) Әдеп кодексі – аудиторлардың кәсіптік қызметінің әдептілік тәртібінің жиынтығы;

7) Холдинг Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті – Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметіне (оның ішінде, қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстылығына) бақылаудың тиімді жүйесін орнату бойынша, ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне және тәуекелдерді басқаруға, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуына мониторинг бойынша, сыртқы және ішкі аудит тәуелсіздігіне бақылау бойынша ұсынымдар дайындау арқылы директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылған «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі - Холдинг) Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесу органы;

8) мүдделер дауы – аудиторлық ұйымның мүддесі оның Холдингтің қаржылық есептілігінің дұрыстылығы туралы пікіріне ықпал ететін ахуал;

9) квазимемлекеттік сектор субъектілерін арнайы тағайындау аудиті – бюджеттік қаражатты пайдалану мәселелері бойынша аудит;

10) салықтар бойынша аудит – салықтың барлық түрлері бойынша есептеулер мен төлемдердің және бюджетке басқа да міндетті төлемдердің дұрыстығы, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы

жарналарын есептеудің, ұстаудың және аударудың толықтығы мен уақытылығы, уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін тәртіппен жүргізілетін әлеуметтік аударымдар есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақытылығы мәселесі бойынша аудит;

11) жоба бойынша серіктес – серіктес немесе аудит үшін, сондай-ақ сыртқы аудитор атынан шығарылған есеп (қорытынды) үшін жауапты болатын сыртқы аудитордың басқа адамдары;

12) басшылыққа хат – сыртқы аудитордың Холдинг басшылығына есептік жазбалардағы, бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелеріндегі бухгалтерлік есептілікте қателіктерге әкеп соғуы мүмкін кемшіліктер туралы ақпарат, және анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті нұсқаулықтары бар жазбаша өтініші;

13) қаржылық есептілік – Холдингтің қаржылық ережелері, қызметінің нәтижелелері мен қаржылық ережелердегі өзгерістер туралы ақпаратты білдіреді;

14) жауапты бөлімше – Холдингтің аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілерін арнайы тағайындау аудитін, салықтар бойынша аудитті (бұдан әрі – аудит) өткізуге жауапты құрылымдық бөлімше.

Осы бөлімде көрсетілмеген, бірақ осы Саясаттың мәтіні бойынша қолданылатын түсініктердің, терминдер мен қысқартылған сөздердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес анықтамалары бар.

### **3-тарау. Мақсаттар мен негізгі қағидалар**

4. Саясаттың мақсаты сыртқы аудиторды тарту бойынша қызметтің тиімділігін ұйымдастыру, олардың таңдауы бойынша жалпы жұрт таныған рәсімдерді енгізу, Холдингтің сыртқы аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер (сыртқы аудиторлар өз қызметінің бейіні бойынша көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда) ұсыну кезінде тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз ету және мүдделер дауына жол бермеу болып табылады.

5. Сыртқы аудитті ұйымдастыру мынадай қағидаларға негізделеді:

- 1) әділдік;
- 2) объективтілік;
- 3) кәсіптік құзыреттілік;
- 4) құпиялылық;
- 5) кәсіптік тәртіп;
- 6) тәуелсіздік;
- 7) кәсіптік стандарттар.

6. Сыртқы аудитор Халықаралық бухгалтерлер федерациясы жанындағы Халықаралық аудиторлық практика комитетінен Қазақстан республикасында ресми жариялауға жазбаша рұқсаты бар ұйым мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланған, Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қарсы келмейтін аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес кәсіби қызметтерді орындайды.

#### **4-тарау. Сыртқы аудитті ұйымдастырудың негізгі талаптары мен тәртібі**

7. Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Холдингтің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды регламенттеуші ішкі құжатында көзделген тәртіппен сыртқы аудитті ұйымдастыруы мақсатында мынадай рәсімдер:

- 1) сыртқы аудитордың қызметтерін сатып алу рәсімін жүргізу;
- 2) сыртқы аудиторды және оның қызметі ақысының көлемін белгілеу;
- 3) аудит жүргізу шартын жасау жүзеге асырылады.

8. Жауапты бөлімше мен оған жетекшілік жасайтын басқарушы қызметкер Холдингтің Директорлар кеңесінің аудиті жөніндегі комитетке сыртқы аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша ықпал етеді.

9. Сыртқы аудит қызметтерін сатып алу бойынша рәсімдер жүргізу кезінде (тендерлік комиссия құрамында) Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) басшысы (бұдан әрі – ІАБ) болып анықталған Холдингтің ІАҚ төрағасы қатысуы мүмкін. ІАҚ-ға сатып алу рәсімдерін өткізу шарттары, тәртібі, мерзімдері туралы уақытылы хабарлауға жауапкершілікті жауапты бөлімшенің басшысы көтереді.

10. Аудит жүргізу шарты Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талаптарға және Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес жасалады.

11. Қосарлы жұмысты тиісінше қамтуды және азайтуды қамтамасыз ету мақсатында сыртқы аудитор мен ІАҚ-ға өз қызметінің жоспарлары мен нәтижелері туралы ақпаратты алмасуға рұқсат беріледі.

Сыртқы аудиторға оның сауалы бойынша ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы бекітілген есептерге, осы есептерге басшылықтың жауаптарына және ІАҚ мен сыртқы аудиторлардың ұсынымдары бойынша түзету әрекеттерінің орындалуын ІАҚ мониторингілеуі нәтижелеріне қолжетімділік ұсынылуы мүмкін.

Аудит қорытындылары бойынша Сыртқы аудитор ІАҚ-ға өз есебінің даналарын (электронды файлдар), Холдинг басшылығына хаттар және олар бойынша таныстырулар жібереді. Сыртқы аудитордың есептерін, басшылыққа хаттары мен ұсынымдарын (болған жағдайда) талдағаннан кейін ІАҚ Холдингтің оларды орындауына мониторингті жүзеге асырады.

Белгілі бір есептік кезең үшін көрсетілген аудиторлық қызметтердің қорытындылары бойынша сыртқы аудитор мен ІАҚ Холдингтің Директорлар кеңесіне өзінің өзара іс-қимылдарының нәтижелері мен тиімділігі туралы хабарлайды (қажет болған жағдайда).

#### **5-тарау. Сыртқы аудитордың қаржылық есеп аудиті мен аудиттік емес қызметтер көрсету кезіндегі мүдделер дауы**

12. Сыртқы аудиторға «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда аудит жүргізуге тыйым салынады.

13. Қызметтерді сатып алу кезіндегі сияқты қызметтерді алу кезінде қаржылық есептілік аудиті бойынша Холдинг мыналардың:

1) осы сыртқы аудитордан бұған дейін алынған қызметтер сипаттамасының;

2) қаржылық есептілік қамтитын кезең ішінде немесе одан кейін осы сыртқы аудитормен қаржылық немесе іскерлік қарым-қатынастардың салдарынан сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне ықпал ететін мүдделер дауы қаупінің (сыртқы аудитордың мүддесі оның қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікіріне ықпал ететін жағдай) туындауы (тәуекелі) мүмкіндігін қарауы тиіс.

Сыртқы аудитор үшін өз өзін бақылау қаупін болдырмау немесе оны қолайлы деңгейге келтіру үшін Холдинг шара қолдамаған немесе қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда, Холдинг мұндай сыртқы аудитордан қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер ала алмайды.

14. Әдеп кодексіне сәйкес Саясаттың 15-тармағында белгіленген тізімге сәйкес қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес (аудиторлық емес қызметтер) бірқатар қызметтер көрсету сыртқы аудиттің тәуелсіздігіне ықпал ететін мүдделер дауының туындауына әкеп соғуы мүмкін. Бұл ретте, Холдинг қызметті алуға мүдделі тұлға ретінде осындай қызметті алумен жасалған кез келген қауіптің мәнін бағалауы қажет. Көптеген жағдайларда оны жоюға немесе сақтандыру шараларын пайдалану арқылы қолайлы деңгейге дейін жеткізуге болады, басқа жағдайларда мұндай қауіпті қолайлы деңгейге дейін ешқандай сақтандыру шараларымен келтіру мүмкін болмайды.

15. Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асырушы сыртқы аудитордан алынатын мына қызмет түрлері бойынша оның тәуелсіздігіне ықпал ететін мүдделер дауы туындауы мүмкін:

1) бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік құру бойынша қызметтер.

Холдингтің сыртқы аудитордың осы сыртқы аудитордың пайымдауы тәуелсіздігін бұзуына байланысты сыртқы аудитордан бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік құру бойынша қызметті сатып алуына және (немесе) алуына жол берілмейді;

2) салықтар бойынша заңнаманы қолдану мәселелері бойынша консультация беру бойынша қызметтер.

Егер Холдинг салықтық міндеттемелерді/тәуекелдерді бағалау бойынша немесе салықтық жоспарлау мақсатында қызметтерді алса, және бұл осындай бағалаулар бойынша соңғы шешімді Холдинг қабылдайтындықтан сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне айтарлықтай қауіп төндірмесе және мұндай бағалаулар қаржылық есептілікте көрсетілмеуі мүмкін;

3) ішкі аудит қызметтері.

Ішкі аудитордың аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін талап етілетін рәсімді жалғастыруді білдіретін қызметтері. Холдингтің сыртқы аудитке ішкі аудитті жүзеге асыру бойынша функцияны тапсыруына жол берілмейді, себебі мұндай қызметті көрсету сыртқы аудит үшін тәуелсіздік қаупін тудырады. Мұндай қауіп сыртқы аудит

персоналы Холдингтің ішкі аудит қызметі қызметкерінің рөлін атқармаған жағдайда сыртқы аудитор үшін азайтылуы мүмкін;

4) бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру және қаржылық есепті құру бойынша нұсқаулықтар.

Холдингтің өзінің қаржылық есептілігінің құрамына кіретін ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылған ақпараттық-технологиялық жүйені әзірлеуге және енгізуге байланысты қызметті алуы сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.

Мұндай қызметтер бойынша Холдингтен мыналарды:

Холдингтің ішкі бақылау жүйесін құруға, оның мазмұнына және мониторингісіне өзінің жауапкершілігін тануын;

Холдингтің лауазымды адамының бағдарламалық құралдарды әзірлеуге және енгізуге қатысты барлық басқарушылық шешімдерді қабылдауына жауапты құзыретті қызметкерді тағайындауын;

Холдингтің лауазымды адамының жүйелерді пайдалануды және жүйелер пайдаланатын немесе түрлендіретін деректерді бақылауына қамтамасыз ететін тиісті сақтану шараларын сақтау талап етіледі.

5) аудиторлық қызметке байланысты заң қызметтері.

Холдингтің қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпалы жоқ мәселелер бойынша заң қызметін алуы сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне қолайсыз қауіп төндіретін фактор болып табылмайды.

Холдингтің осы немесе өзге салада көмек алу мақсатында алатын заң қызметтері (мысалы, шарт жасау, заң консультациясы, заң сараптамасы немесе қайта ұйымдастыру бойынша кеңес) сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін, бірақ бұл жағдайда мұндай қауіпті қолайлы деңгейге дейін жеткізуге қабілетті сақтандыру шаралары қабылдануы мүмкін. Мұндай қызметтер, әдетте, Холдингтің қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асырушы топтардың мүшелері бұл қызметтерді көрсетуге қатыспайтын жағдайда сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне теріс ықпалын тигізбейді.

16. Холдинг сыртқы аудитордан алатын қызметтер объектілік және құпиялылық қағидаларын бұзбауы тиіс.

## **6-тарау. Холдинг Директорлар кеңесінің аудиті комитетіне сыртқы аудитор туралы ақпарат ұсыну**

17. Холдингтің жауапты бөлімшесіне жетекшілік жасайтын басқарушы қызметкері ең аз дегенде жылына бір рет Холдингтің Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне өткен есептік жыл үшін ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді, оның ішінде мыналар:

1) Аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес Холдингтің сыртқы аудиторы көрсеткен өзге қызметтердің көлемі (қызметтердің түрлі санаттары бойынша топтастыруда);

2) Холдинг осындай қызметтер көрсеткені үшін сыртқы аудиторға төлеген сыйақы (жекелеген әрбір және жиынтық қызметке) бойынша.

## **7-тарау. Сыртқы аудит жүргізу кезінде жоба бойынша серіктестікті алмастыру**

18. Халықаралық практикаға сәйкес сыртқы аудитор әрбір бес жылда жоба бойынша серіктесті (аудит үшін негізгі жауапкершілікті көтеретін) көшіру қағидасын ұстануы тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Холдингтің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды регламенттейтін ішкі құжаттарда көзделген тәртіппен өткен жылы сыртқы аудитті жүзеге асырған сыртқы аудитор сайланады, мұндай сыртқы аудитор Холдингтің Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетінің қарауына ұсынылатын жоба бойынша серіктестің сабақтастығы жоспарын дайындайды.

Алдыңғысынан өзгеше басқа сыртқы аудитор сайланған жағдайда, жоба бойынша серіктестік сабақтастығының жоспарын дайындау талап етілмейді.

## **8-тарау. Холдингке сыртқы аудитор қызметкерін жұмысқа қабылдау**

19. Басқарма мүшесі, басқарушы директор немесе бас бухгалтер лауазымына Холдингтің міндетті аудитіне сыртқы аудитор қызметкері ретінде қатысқан немесе Холдингтің міндетті аудитінде Холдингте ол тағайындалғанға (сайланғанға) дейінгі екі жыл ішінде сыртқы аудитор қызметкері ретінде қатысқан адамды тағайындау (сайлау) болжанған жағдайда, мүдделер дауын болдырмау мақсатында Холдингтің Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетінің кандидатты тағайындау туралы мәселені одан әрі қарау үшін болжанып отырған кандидат бойынша алдын ала мақұлдамасын алу талап етіледі.

## **9-тарау. Қорытынды ережелер**

20. Осы Саясатта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Холдинг Жарғысымен, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Холдинг Директорлар кеңесінің аудиті жөніндегі комитеттің шешімдерімен және Холдингтің басқа ішкі құжаттарымен реттеледі.

Осы Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қарсы жекелеген ережелері болған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормалары қолдануға жатады.